

ISSN 1728-7804


Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

АРХИВТІК
ҚОР



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series of «Philological sciences»
№ 1 (55), 2016



Алматы

ТІЛ БІЛІМІ ЛИНГВИСТИКА

ӘОЖ 811.512.122373

ДИАЛЕКТІЛІК ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР МАЗМҰНЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ АҚПАРАТ

Атабаева М.С.-

филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры

Тіл – ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық қазына. Халық өміріндегі тарихи бел-белестер, ұлы өзгерістер ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жетеді. Ал осы тілдің бейнелілігін, байлығын арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды бөлігін фразеологизмдер құрайды. Фразеологизмдердің пайда болуына халықтың тұрмыс-тіршілігі мен мәдени өмірінің ықпалы зор. Образға негізделген көрініс тіл арқылы жарыққа шыққанда, ондағы ұлттық қабылдау, ұлттық дүниетаным, ойлау ерекшеліктері бірден аңғарылады. Фразеологизмдердің жасалуына негіз болатын нәрсе – адамдардың күнделікті өмірде көріп жүрген заттар, айналасындағы құбылыстар содан туындайтын жағдайлар, түрлі жағымды, жағымсыз әрекетердің ықпалы. Тілдегі тұрақты тіркестердің мағыналық астарында халықтың бүкіл өмірінің қыр-сыры жан-жақты сақталып суреттеледі. Ойды бейнелі, мәнерлі стіп, айқын жеткізу үшін тілдегі тұрақты тіркестердің қалыптасу, шығу тарихын зерттеу тіл ғылымындағы ең өзекті мәселелердің бірі саналады. Тұрақты тіркестердің жасалу жолдарына, оның мағыналық тамырына терең үңілу этномәдени мазмұнын бағамдауға мүмкіндік береді, оны ашып, айқындап сипаттап түсіну арқылы этномәдени ақпаратты пайымдау қазіргі мәдениетаралық коммуникациядағы аса маңызды мәселенің қатарына жатады. Аталған белгілер тіл атаулының барлығына ортақ болса, семантикалық бейнелілік жағынан алғанда, әр тілдің фразеологиялық оралымдары ұлттық бояуымен ерекшеленеді, өйткені әр этнос әлемді өзінше көріп таниды. Қазақ тілінің фразеологиялық қоры бай, ал диалектілік фразеологизмдер осы қордың мол қабатын құрайды. Мақалада қазақ тіліндегі диалектілік фразеологизмдердің лексика-семантикалық топтары, оның ішінде «бет, жүз» ұйытқы сөздері арқылы жасалған фраземалардың этномәдени мәдени ақпараты жайында сөз болады.

Тірек сөздер: этнос, халық, лексика, дәстүрлі мәдениет, культура, фразема, семантика, этномәдени семантика, мәдениетаралық коммуникация, этномәдени ақпарат, тіл байлығы, бейнелілік.

Өзін қоршаған ортаны әр ұлт өзінше қабылдайды, осы орта бейнесі оның тілінде және мәдениетінде көрініс табады. Мәдениет дүниетанымға негізделеді, ал тіл – ең басты көрсеткіш, сол себепті қазіргі тіл ғылымы тілді мәдениеттің феномені, ұлт дүниетанымның айнасы, ұлт мәдениетінің көрінісі ретінде зерттеуге үлкен мән беріп келеді [1, 6-29-бб.].

Адам баласының ойы мен рухани дүниесін, дүниетанымын, өмірлік іс-тәжірибесін, практикалық әрекетін оның тілінен бөлмей, тілдік әлемімен бірге біртұтастықта қарастыру, басқаша айтқанда, кез келген халықтың тілінде ұлттық-мәдени сипатта бекітін дүние суретін, дүние бейнесін антропоцентристік парадигманың фундаментальді ұғымы ретінде зерттеу – қазіргі заманғы лингвистиканың ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Адам дүниесіндегі бар затты тілдегі сөздермен белгілейді, ал тілдік бейнесі жоқ, тосын дүниені немесе затты қабылдау санаға қиын соғады. Әлемнің адам санасындағы бейнесі тілдегі бейнелермен, яғни сөздермен өте ұқсас. Көп жағдайда бірін-бірі қайталайды. Әр ұлттың, халықтың санасында әлем бейнесі сыртқы және ішкі факторларға байланысты әртүрлі болғандықтан, тілдегі ерекшеліктер де сан алуан. Сыртқы факторларға географиялық орта, әлеуметтік жағдай, шаруашылық түрі, діннің ықпалы, тарихи жағдайды, ал ішкі факторларға әдет-ғұрып, дүниетанымды жатқызады. Ұлттық мәдениеттің ең маңызды және күрделі құрамдарының бірі – тіл. Шындықтың адам санасында қабылданып, ой елегінен өтіп, сөз болып қалыптасып, сөз тіркесі немесе сөйлем ретінде айтылу процесі нәтижесінде – әлем бейнесі тілде екінші көрінісін табады. Сондықтан да әлемнің бейнесі мен тіл екеуі – өзара тығыз қарым-қатынаста.

Әлем бейнесі әлемге деген белгілі бір көзқарастың бүтіндігін, жалпылығын білдіреді. Бұл туралы Э.Д. Сүлейменова: «Әлем бейнесі ұғымында бүтіндік белгісі бар және ол тілде адамдардың ұзақ қатынасы ретінде мәтін түрінде жүзеге асуы мүмкін. Жеке сөздердің табиғатында әлемнің тілдік бейнесін жасау мүмкіндігі жоқтығы, олардың қарым-қатынас қызметін атқару мүмкіндігінің жоқтығымен сәйкес келеді» [2, 14-б.], – деп жазады. Әр ұлттың өз әлем бейнесі болды, себебі тіл тек ойлау, қарым-қатынастың құралы ғана емес, тіл – бүкіл этностың рухани және мәдени өмірінің

айнасы. Н.Ю.Шведованың пайымдауынша, тілдегі әлем бейнесі - халықтың көп ғасырлық тәжірибесі негізінде және тілдегі бірліктер арқылы жасалған бүкіл тіршіліктің бүтін әрі бөлшекті әлем ретіндегі бейнесі. Өз құрылымында ол біріншіден, адамды, оның материалды және рухани өмірін, екіншіден, оны қоршаған кеңістік пен уақытты, тірі және өлі табиғатты, сонымен қатар, адамның өзі ойлап тапқан мифтер мен социумды көрсетеді [3,5-6].

Адам баласының өзін қоршаған ортаның, ақиқат болмыстың мәнін түсінуінің тәсілі ретінде дүние суреті мифологияда, религияда, поэзияда, фольклор мен сурет өнерінде, колөнерде т.б. қабылдау мен ұғынуға ыңғайлы, жеңілдетілген формада белгіленеді, бейнеленеді және бекиді. Дүние-ғаламның күллі адамзат баласына ортақ болуы дүние суретіне жалпы адамзаттық әмбебаптық сипат дарытады, десе де, әрбір этномәдени-тарихи қауымдастықтың дүние әлемді өзінше көруі мен тануының, қабылдауы мен елестетуінің, ұғынуы мен түсінуінің және бұл процестердің нәтижесін бейнелеуі амал-тәсілдерінің өзгешелігіне байланысты дүние суреті этноәлеуметтік және этномәдени ренкті жинақтайды [4,18-19-бб.].

Сөйтіп, дүние суреті адамның дүние-әлемді тануын жүзеге асырып қана қоймайды, сонымен қатар ол адамның өмірлік іс-әрекетінде бағыт-бағдар қызметін де атқарады, ұлттық дүниетаным әлемін құрайды. Сондықтан дүниетаным – дүниенің тілдік бейнесіне қарағанда әлдеқайда күрделі құбылыс саналады. Дүниенің халық танымындағы көрінісі, яғни дүниетаным – дүние-ғаламның сан алуан құбылыстарына, адамзаттық қоғамдық құрылыстың барлық қабаттарына, этникалық мәдениеттің құрамдас бөліктеріне қатысты көзқарастар жүйесін құрайтын ұғымдар мен түсініктердің және олардың өзара байланысының санадағы бейнесі. Демек, ұлттық дүниетаным, түптеп келгенде, дүниенің концептуалды бейнесінің нысаны.

Ұрпақтан ұрпаққа берілетін әлемнің тілдегі бейнесі жаңарып та, өзгеріп те отырады, басқа этноспен, өзге мәдениетпен араласу арқылы толығып та тұрады. Жалпы, ұғым ұлттың өзі сияқты баяу да болса, даму үстіндегі құбылыс деп түсінілгенімен, ұлттық нышан, белгіні танытатын тіл бірліктерінің мызғымайтын, өзгермейтін түрі болады, ол, әрине, қай тілге де ортақ дүние - фразеологизмдер құбылысы. Фразеологизмдердегі өзгеріс көбінде экстралингвистикалық жағдайға байланысты жүзеге асады, онда да азды-көпті түрленетін ішкі мазмұн емес, форма.

Тілдердің қайсысында да фразеологизмдердің қоры олардың әлемді тануының ұлттық-тілдік моделінің негізіне алынатын фразеологиялық дүние бейнесін жасайды. Онда ұлттың есте жоқ ескі замандардағы өзін қоршаған орта, шындық болмыс туралы терең философиялық ой-танымы, ұлттық рухани мәдениетінің қайнар көздері көрініс табады. Фразеологизмдер арқылы берілетін бейненің түп негізінде белгілі бір этномәдени ұжымның сан ғасырлар бойы қоршаған ортаны меңгеруі, игеруі және онымен мүмкіндігінше үйлесе өмір сүруі үдерісінде қалыптасатын әлемді айшықты, бейнелі етіп көруі және тануы жатады, сондықтан фразеологизмдердің этномәдени мазмұны негізінен адамдардың күнделікті қарапайым тұрмыстық қарым-қатынасы аясындағы бейнесінен құралады. Ә.Қайдардың тұжырымдауынша, бүгінгі фразеологизм, мақал-мәтел деп жүрген тұрақты тілдік единицалардың басым көпшілігі - бір замандағы күнделікті қарапайым тірліктің, құбылыстың нәтижесі ретінде қалыптасқан тілдегі көрінісі. Олар бара-бара тұрақталып, мағыналық өзгерістерге ұшырауы салдарынан этнофразеологизм және мақал-мәтел дәрежесіне көтеріледі. Олардың дүниеге келуі о баста малға, аңға, өсімдіктерге, аспан әлеміне, табиғат құбылысына байланысты болса, бүгінде бәрі айналып келіп адам тұрмысына, мінез-құлқына, жақсы-жаман қасиетіне, ішкі-сыртқы көрінісіне бағытталып отырады [1,214-215-бб.].

Демек фразеологиялық бейнені адамды қоршаған зат-құбылыс тудырады, мәдени ақпарат олардың негізгі қасиеттеріне сүйеніп жинақталады. Адам баласы өзін қоршаған ортаның әрбір бөлшегін: жан-жануар, өсімдік, тұрмыстық зат, ұғым, өзін (дене мүшесі т.б.) - зерттеп игеріп, оның жақсы-жаман, пайдалы-зиянды белгілерін айқындайды, осының бәрін өзі көріп жүрген, көңіліне түйген зат, құбылыс бейнесімен салыстыру арқылы өмір сүру ережелерін жасап, оның ұлттық белгілерін қалыптастырады. Осыған орай, Ә.Т. Қайдар: «...И любопытно то, что в этих ассоциативных параллелях, получаемых на основе наблюдений за животным миром, с одной стороны, и взаимоотношениями людей и их поступками в разных жизненных ситуациях с другой, носители находят много общего или схожего, что и служит образно-фоновой основой образования УВ и мотивами их переноса и переосмысления. Так например, в казахском языке выражение *сыыр* людям, которые не понимают и не ценят проявляемых к ним добрых чувств и благородных намерений. В данном случае физиологические свойства животного ассоциативно переносятся на

аналогичное человеческое поведение или психологию [1,215-б.], - деп жазады. Қазақтың дәстүрлі көшпелі тұрмысына сиыр малы қолайсыз, сондықтан оны өсірумен қазақ халқы отырықшылыққа ауысқаннан кейін айналыса бастаған. Қазақ тұрмысында *жылқы, қой, түйе* жануарлары жоғары коннотацияға ие болады, ал сиыр малы мешкейлік, талғамсыздық көрінісі саналады. Адамның талғамы жақсы мен жаманды ажыратып бағалаудан туады. *Жүрегінің түгі бар* фразеологизмі "батыр, батыл, еш нәрседен тайсалмайтын, қаймықпайтын адам" мағынасын білдіріп, *жүрек жұтқан* фразеологизмімен синонимдік қатар құрайды. *Жүрек* соматизмінің ұйытқы болуы арқылы жасалған фразеологизмдер адам айтқысыз асқан ерлікті танытады. Талай қырғын жаулаушылықты бастан кешкен халық ұғымында оны қорғаушы мифологиялық батырдың болмысы-бітімі ерекше болуы керек. Әр дәуірдің өз батыры, қаһарманы болады, халық қазіргі күні аталған фразеологизмдердің бастапқы мағыналарын ұмытқанымен, оның ерлік, батырлықты көрсететін символдық мәнін эпитет ретінде жиі қолданылады [5,150-153-бб.], өйткені ерлікке қай заманда да орын бар.

Ендеше қазақ тілінде де фразеологизмдердің пайда болу себептері мен уәжіне алдымен оның тұрмыс-тіршілігі әсер етеді. Әр ұлттың өзіне тән өмір сүру салтына, тіршілік ету ортасына қарай қалыптасқан рухани құндылықтары болады, осыған қарай қызмет ететін атаулар тұрақты тіркес құрамында да кездеседі. Қазақ тілі фразеологизмдерінің құрылым-құрылысында тіл иесінің төрт түлік малға негізделген күн көру, өмір сүру қағидалары, салт-дәстүріне, ұлттық мәдени тіршілігіне қатысты суреттерден хабар беретін лексемалар негіз-тірек болады. І. Кеңесбаев оларды «ұйытқы сөз» деп атағанды мақұл санайды, мұндай сөздердің қатарына: *тіл, жүрек, көз, ауыз, қол, бас, аяқ, қара, тас, ат, ит, жер, жеті* т.б. сөздерді жатқызылады [6, 611-б.].

Осыған орай, қазақ тілі фразеологизмдері: *соматикалық* атаулар ұйытқы болған фразеологизмдер; *жан-жануар* атаулары ұйытқы болған фразеологизмдер; *сан* атаулары ұйытқы болған фразеологизмдер; *түр-түс* атауларының ұйытқы болуы арқылы жасалған фразеологизмдер болып топтастырылып жүр. Осылардың бәрі алуан түрлі образ жасауға негіз болады. Ал оларды заттық-тақырыптық жағынан топтастыруда: 1) ұйытқы, темірқазық қызметіндегі сөздердің лексикалық мағыналарын ескере отырып; 2) фразеологиялық бірліктердің жалпы мағынасын, яғни берілген немесе заттың мағынасын ескере отырып жүйелеу принципін ұстанады [1,11-б.].

Адамдардың болмысы табиғи жаратылысы дене мүшелері атауларының фразеологизм жасаудағы ұйытқы немесе тірек сөз болуындағы қызметі ерекше, өйткені адамның тіршілік иесі ретінде алдымен өзіне таныс, дене мүшелерінің әбден үйреншікті дағдылы құбылысқа айналған қызметі мен қасиеттері ауыспалы қосымша мағынаға ие болады. Сол себепті түркологияда бұл мәселеге айрықша назар аударылып келеді, ол еңбектерде дене мүшелерінің фразеологизм жасаудағы өнімділігін олардың түркі тілдеріне ортақ көнетүркілік қабатқа жататындығымен байланыстырады [7,34-б.]. Соматикалық атаулар қазіргі түркі тілдерінде ежелгі семантиканы сақтаумен қатар, сөздік қордың негізін құрап отыр. Олардың ішінде фразеологизм жасауда: *көз, жүрек, қол, ауыз, бет, қан, іш, тіл* лексемалары өрісті келеді, сондықтан да олар жан-жақты зерттеу нысанына айналған. Б.К.Уызбаеваның қазақ тіліндегі соматикалық етістік фразеологизмдерді этнолингвистикалық тұрғыда зерттеулері нәтижесіне қарағанда, таңдалып алынған сексен үш соматизмнен мыңнан астам фразеологизм туындайды екен [7,34-б.].

Бұл жалпыхалықтық әдеби тіл деректеріне қатысты болса, диалектілік фразеологизмдер қорында аталған ұйытқы сөздердің бәрі де ұшырасады. Осы топтағы *бет-жүз* соматизмі қазақ тілінде *бет-жүз-әлпет* т.б. синонимдік қатар құрайды, олардың әдеби-диалектілік варианттарының көлемі тіпті кең. Түркі тілдері фразеологизмдерін салыстыра зерттеген Қ. Қалыбаева «Бет» соматизмі «жүз» сөзінің синонимі ретінде азербайжан мен алтай тілінен басқа тілдердің бәрінде кездесетінін, *бет-жүз* сөзінің ұйытқы болуынан жасалған фразеологизмдердің қыпшақ тобы тілдерінде, негізінен, *ұялу, ұялту, қаралау, намысқа тию, бедел, абырой* мағыналарын білдіретінін, ал *жақ* сыңары арқылы жасалған фразеологизмдердің *ұру, соғу, жүдеулік* мағыналарын білдіруге бейімділігін атап көрсетеді [8,198-201-бб.].

Диалектілік жүйедегі *бет-жүз-жақ* синоним соматизмдері арқылы жасалған фразеологизмдерді этномәдени мазмұнына қарай төмендегіше топтауға болады:

➤ *ұялу, ұялту* мағыналарын білдіретін фразеологизмдер: *бетімен жер басу, беті пісу, беті тусу*. Фразеологизмдер мағынасы *бет* сөзінің тура мағынасымен өзектес, адамның беті - оның ішкі көңіл-күй сезімінің айнасы. Фразеологизмдер құрамындағы *жер басу, пісу, тусу* сыңарлары *бет* сөзінің тура мағынасынан туындайтын ауыспалы мағына арқылы *ұят* ұғымының дәрежесін

көрсетеді. *Жүзі жапырылу* - жүзі шыдамау, қысылу, ұялу. Жалпы қазақ халқында «ұят» адами қасиеттің негізгі категориясына жатады;

➤ *ұятсыз* мағынасындағы фразеологизмдер: *бет-аузы жоқ* - ұяты жоқ, фразеологиялық мағына ұят ұғымының мүлде болмайтынын көрсетеді, ол «жоқ» модаль сөзінің семантикасына сүйенген;

➤ *ұятқа қалу, абыройы төгілу* мағынасындағы фразеологизмдер: әдеби тілдегі *бет моншағы үзілу/бет моншағы салбырау* мағыналас тіркестеріне *бет моншағын сыпырып тастау* диалектілік фразеологизмі вариант бола алады. *Бет моншақ* - тура мағынасында қалыңдықтың бас киіміне тағылатын әшекей. *Бет моншақты* - сәукеленің екі жағына салбырата тағып қояды, ол белге дейін, тіпті, белден төмен де түсіп тұрады [9,44-45-бб.]. *Бет моншақ* әшекей ғана емес, оның сиволдық мәні үлкен. *Бет моншақ* қалыңдықтың артазалығын, тәрбиесін көрсетеді, сондықтан оның үзіліп түсіп қалуы үлкен ұят, жаман ырым, саналады. Ал диалектілік *бет моншағын сыпырып тастау* варианты «ұят-намысты жиып қою» мағынасын білдіреді, бұл белгілі жағдаятқа байланысты шарасыздықтан болуы мүмкін, ал *беттің арын белбеуге тую* «ұялмау, арланбау, арын сату» мағыналарының диалектілік варианты болып табылады. Диалектілік семантика *бет моншағын сыпырып тастау* фразеологизмі білдіретін семантикадан да қою көрінеді, ол *белбеуге тую* етістігіне бекітілген. *Бет қара болу* - ел алдында, бөтен біреудің алдында ұятқа қалу, кірерге тесік таппау, семантика *қара* сын есімі арқылы беріліп, адамдар арасындағы этика ережесінің бұзылғандығы, қолайсыздық жайлы ақпаратты жинап тұр;

➤ *көңілге қарау, көңілін жараламау* мағынасында қолданылатын фразеологизмдер: *бетке қарау* - қатты айтып көңілді жараламау, кешіріммен, түсіністікпен қарау семантикасын білдіреді;

➤ *қарсыласу, беттен алу* мағыналарын білдіретін фразеологизмдер: *беттен шармай алу* - қатты қарсылық білдіру, мұнда адамның қарсылық агрессиясы байқалады ал *жүзінің жұдырығымен қарау* - үдірейе, ызғар шаша, сұстана қарау бұл тіркестің мағынасы да ызалы, кекті қарсылықты байқатады, поэтикалық бейне *жұдырық* лексемасынан шығады;

➤ *сұлу, әдемі* семантикасын білдіретін фразеологизмдер: *бетінің мөрі кетпеген* - жасына қарамай өңін бермеген, сұлу қалпында сақталған, бетінің қызылы, бояуы сөнбеген мағынасында;

➤ *көңіл айту* семантикасын білдіретін фразеологизмдер: жалпыхалықтық тілдегі «көңіл айту» салтын Монғол жеріндегі қазақтар *бет көріп қайту* фразеологизмімен білдіреді;

➤ *ұнатпау, жаратпау* семантикасы: *жүз бермеу* - ыңғай бермеу, жақтырмау, келіспейтіндік сыңай таныту;

➤ *сүйеніш, медет көру* семантикасы: *жүз тұту* - арқа сүйеу, бетке ұстау, *бетке басар* - алдыңғы қатарлы, бетке ұстар. Бұл ел ішінің әртүрлі мәселелерін шешетін, қамын ойлап, сөзін сөйлейтін беделді адамға қатысты айтылатын фразеологизм, сонымен қатар, «бетке ұстар болу» мағынасы елден шыққан белгілі, атакты азаматтарға да тән;

➤ *сөйлемеу, үндемеу* мағынасын білдіретін фразеологизмдер: *жақ кірісіп ашпау* - *сөйлемеу, үндемеу, ләм-мим демеу*,

➤ *кездесу, ашық сөйлесу* мағынасы: *бет екі сөйлесу* - бетпе-бет, жүзбе-жүз сөйлесу, сұхбаттасу мағынасында, ал *бет қосу* - беттесу, бетпе-бет, жүзбе-жүз келу, ашық бетке айту мағынасында жұмсалады;

➤ *жақ айқастырмау* - қинау, қиын жағдайға түсіру, сөйлеуге, жауап қатуға мүмкіндік бермеу мағынасын білдіреді.

Сөйтіп, фразеологиялық бірліктің ішкі формасының пайда болуы ең алдымен, фразеологизмге арқау болатын еркін тіркестің тура мағынасына сәйкес келетін қандай да бір жағдаятқа байланысты. Оған мән, мағына беріледі, мазмұн бекітіледі. Осы мән, мағына, мазмұн келесі бір ұғымды білдіру үшін қайтадан ой сүзгісінен өтіп, ауыс мағынада қолданыла бастайды, яғни о бастағы жағдаятты білдіретін сөздердің алғашқы, біріншілік мағыналарына негізделіп, фразеологиялық бірліктің образы қалыптасады. Осылайша ішкі форма түзіледі. Фразеологизмнің ішкі формасын мәдени ақпараттар көзі деуге болады. Өйткені онда мәдениет қалдыратын «іздер» – мифтер, архетиптер, салт-дәстүрлер, тарихи оқиғалар мен материалдық мәдениеттің элементтері көрініс табады [10,34-б.].

Соматикалық фразеологизмдер этностың галам, әлем, дүние жайлы түсініктерінің көне элементтерін жаңғыртуға көмектеседі, дүниенің біртұтас тілдік моделін қалыптастыруға қатысады. Соматикалық фразеологизмдерді талдау барысы тілдің соматикалық бірліктері дүниенің концептуалды бейнесін түзуші деп қабылдауды қажет етеді, адамның дүние-галам туралы түсініктерімен бүтіндей және жүйелі түрде танысуға мүмкіндік береді.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің жасалуына ұйытқы болатын тірек сөздердің ішінде ең көбі адамның дене мүшелерінің атаулары. Бұл тек қазақ тілінде ғана емес, жалпы тіл-тілде кездесетін ортақ ерекшелік. Демек, адамдар өзінің іс-әрекетінде неғұрлым жете танып білген заттар мен құбылыстардың қасиетін ұзақ уақыт бойы бақылай жүріп, солардың ерекшеліктерінен жинақтаған өмірлік тәжірибелеріне сүйеніп түрлі қорытындылар жасау дағдысын меңгереді. Осыдан пайда болған салыстырулар, ұқсаста отырып жаңа ұғым туғызу, өзі білетін ежелгі атауға тағы да басқа мағынаны үстеу, оны тілдік қатысым әрекетінде ауыспалы мағынада жеткізу сияқты қатынас құралының қызметіне қосымша бейнелілік туғызады.

Қазақ сөйленістері жүйесінде де фразеологизмдер қоры біршама, диалектілік фразеологизмдер формалық жағынан жалпыхалықтық фразеологизмдерден ерекшеленбейді. Семантикалық жағынан қазақ тілінің фразеологиялық қорын әдеби-диалектілік синоним, вариант қатарларымен байыта түседі, антонимдік қатарлар түзіледі. Диалектілік фразеологизмдер эмоционалды-экспрессивтілігі, поэтикалық бейнелілігі жағынан әдеби тіл қорындағы фразеологизмдерге кем түспейді, ауызекі сөйлеу тіліне тән болғандықтан, рең мәні, бояуы қалың болуы да мүмкін. Мұның барлығы фразеологизмдердің ішкі формасындағы ақпарат мазмұнынан көрінеді.

- 1 Кайдар А.Т. Актуальные вопросы казахского языка. Алматы: Ана тілі, 1998. - 304 б.
- 2 Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. Алматы: Демей, 1996. с. - 168.
- 3 Шведова Н.Ю. Теоретические результаты, полученные в работе над «Русским семантическим словом» // ВЯ. - 1999. №1. - С 3-6.
- 4 Нұржанова А. Дуниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды: филол. ғыл. канд. ... дисс. Астана, 2010. - 125 б.
- 5 Кайдар А.Т. Тысяча метких и образных выражений «Казахско-русский словарь с этнолингвистическими пояснениями. - Астана: ТОО Білге, 2003. - 368 с.
- 6 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1977. 712 б.
- 7 Уызбаева Б.К. Қазақ тіліндегі соматикалық етістік фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дисс. авторефераты. - Алматы, 1994. с.21.
- 8 Қалыбаева Қ.С. Салыстырмалы түркі фразеологиясы. - Алматы: Полиграфия Сервис К. - 2009. - 404 б.
- 9 Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. - Алматы: Ғылым, 1998. 196 б.
- 10 Маслова В.А. Лингвокультурология. - М.: Academia, 2001. 208 с.

Резюме

Атабаева М.С. доктор филологических наук, профессор КазНПУ имени Абая
Этнокультурная информация в содержаниях диалектных фразеологизмов

Язык – это результат многовековой работы, наследие народа, национальное достояние. Сведения об исторических этапах развития, великих преобразованиях в жизнедеятельности народа передаются из поколения в поколение посредством языка. А большую часть словарного состава, усиливающего образность, богатство языка, составляют фразеологизмы. Возникновению фразеологизмов повлияли быт и культура народа. Когда в языке проявляется явление, основанное на образах, то обнаруживаются особенности национального восприятия, национального мировоззрения, мышления. Образование фразеологизмов основано на влиянии, которое оказывают повседневные бытовые предметы, которые люди наблюдают каждый день, окружающие их явления, ситуации, вытекающие из них, различные положительные и отрицательные действия. Иносказательное значение устойчивых выражений в языке несет в себе описание различных сторон жизнедеятельности народа. Для того, чтобы донести мысль образно, выразительно, ясно, необходимо изучить историю формирования, возникновения фразеологических сочетаний в языке, что является одной из актуальных проблем в лингвистической науке. Глубокое изучение способов образования устойчивых фразеосочетаний, их значений дает возможность определить их этнокультурное содержание, а исследование этнокультурной информации посредством раскрытия, выявления и описания данного содержания относится к ряду важнейших проблем в межкультурной коммуникации. Если перечисленные выше признаки являются общими для всех номинативных единиц языка, то с семантической образности фразеологические обороты каждого языка отличаются национальным колоритом, поскольку каждый этнос воспринимает мир по своему. Фразеологический фонд казахского языка особенно богат, а диалектные фразеологизмы составляют большую часть этого фонда. В статье рассматриваются лексико-семантические группы диалектных фразеологизмов казахского языка, в частности изучается этнокультурная информация, содержащаяся в фраземах, образованных при помощи лексемы «лицо».

Ключевые слова: этнос, народ, лексика, традиционная культура, фразема, семантика, этнокультурная семантика, образ, межкультурная коммуникация, этнокультурная информация, богатство языка, образность.